

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің
«№11 «Таншолпан» бөбекжай – бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік казыналық кәсіпорны**



31.08.2021ж

**№1 педагогикалық кенес шешімімен
«Бекітілді»
Бөбекжай- бақша директоры
С.Ж.Жанекешова**

**2021-2022 оку жылына арналған
№10 «Құлышшак» ересек тобының
«Сиқырлы әлем»
вариативтік компонент
үйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

Түсінік хат

Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мұсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шындауда балалар үшін маңызы зор . Сурет салу, мұсіндеу, жапсыру, кол енбегі - бұлдіршіндердің ең сүйікті ісі болады. Көркемдеуге арналған материалдар, оның ішінде алаканмен, күлак шұқуға арналған макталы таяқшамен, саусақпен, сурет салуда балалар өз ойларын, сезімдерін қағаз бетіне түсіруіне көмектеседі. Ал қалдық заттардан, жаңғақ қабығы , кептірілген күзгі жапырақтар,шишкалар т.б. заттардан балалар мәнді, әдемі туындылар жасауды үйренеді. Балалардың эстетикалық сезімдері қалыптасып бейнелеу өнеріне ,жалпы шығармашылық жұмыстарға деген құштарлықтары артады. Бастаған істерін аяғына дейін жеткізуге ұмтылады. Балаларда бір-біріне деген достық қарым-қатынас, бір-біріне көмектесуге ынталы болуына тәрбиелейді.

Өз түсінгенін бұқпасыз, боямасыз жеткізетін бұлдіршіндердің бояу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, өзімнің шығармашылық жұмысымның арқауы ретінде сурет салуды, мұсіндеуді,жапсыруды, кол енбегін алуды жөн көрдім. Аптасына бір рет өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын, ой-өрісін дамытады, шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық жұмысымның өзектілігіне келер болсақ: Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дуниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту.

Максаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Міндеттері:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін шындалап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру.

Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды менгерту.

Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету.

Шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру.

Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік қасиеті дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Көркемдеуге арналған материалдармен,өз беттерінше жұмыс жасайды.

P/c	Тақырыбы	Мақсаты	Керекті құралдар, көрнекіліктер
1	"Сиқырлы әлемге саяхат"	<p>Балаларды сурет салу құралдарымен жіті таныстыру. Балаларға қарындаш, майлы бояу, қылқалам, акварель үғымдарын толыктай мағлұмат беру. Бұл құралдармен қалай жұмыс жасау ережелерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Шығармашылыққа қызығушылықтарын ояту. Суреттер бойынша ойларын еркін жеткізуге, әңгіме құрай білуге үйрету. Балалардын саусак бұлышқ еттерінің дамуына себеп болу. Ермексаз арқылы түрлі мұсіндер жасай білуге дағдыландыру. Қалдық материалдарымен жұмыс жасауға ынталандыру.</p>	Сурет дәптері, майлы бояу, қарындаштар, акварель, қылқалам, мақталы таяқша ермексаз тақтайша, майлық. Қалдық материалдар: жаңғақ кабығы, шишкалар, кепкен жапырақтар картоп, салфетка түрлі- түсті қағаз, желім.
2	"Күзгі ағаштар" (сурет салу)	<p>Күз мезгілі туралы түсінік қалыптастырып, күз бояулары туралы үғымдарын бекіту .Күзгі ағаштардың әдемі көрнісін бере білуді үйрету.</p> <p>Қылқаламмен жұмыс істеу машықтарын жетілдіру. Түзу тік сзықтар жүргізе білу дағдысын дамыту.</p> <p>Ыждағаттылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	Күз мезгілінің суреттері, сурет дәптері, балды акварель, қылқалам, су құйылған стакан, майлық, сұлғі
3	"Кірпіге арналған алма " (мұсіндеу)	<p>Балаларды жеміс түрлерімен таныстыру. Жемістің ағашта өсетінін түсіндіру. Ермексаздан алманы мұсіндеу арқылы қол маторикасын дамыту.</p> <p>Негізгі түстерді білу қабілеттерін орнықтыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: "Жеміс пе, көкініс пе ?"</p>	Жеміс суреттері, алма ермексаз, тақтайша, майлық. Ойынға қажеті құралдар: жеміс, көкініс суреттері.
4	"Ұшақ" (бұктеу)	<p>Балаларға ұшақ туралы түсінік беру. Ұшақтың қандай көлік түріне жататындығын түсіндіру.</p> <p>Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістерімен таныстыруды жалғастыру. Бұктеу кезінде қармақарсы қабыргадары мен</p>	Ұшақ, ұшақ суреті, ақ қағаз. Ойынға қажетті құралдар: көлік түрлері, ойыншықтары.

31	"Әдемі кесе" (мұсіндеу)	Балаларды қазақ ою-өрнегінің элементтерімен әр түрлі заттарды безендіруге үйрету. Ермексаздан әдемі кесені мұсіндеуді үйрету. Көзбен мөлшерлеу, ыргакты сезіну қабілетін дамыту. Сәнді-колданбалы өнерге қызығушылыққа, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Ұлттық ою-өрнек суреттері, кесенің суреті. Ермексаз, тақтайша, майлық.
32	"Шалғын шөптер" (жапсыру)	Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білімдерін жетілдіру. Шөпті ак қағазға жүлмалау әдісі арқылы жапсыру. Балалардың шығармашылыққа деген көзқарастарын калыптастыру. Ой-киялдарын дамыту.	Сюжетті суреттер, жасыл түсті қағаздар, желім
33	"Жайлауда" (Кол енбегі)	Балаларға "Жайлау" туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әртүрлі заттардан бейнелеп жасау. Шығармашылық ой-киялды, эстетикалық талғамды дамыту. Туған өлкенің табиғатына ұқыпты карауға тәрбиелеу.	Жайлау суреті. Түрлі-түсті қағаз.
34	"Моншак" (Мұсіндеу)	Моншак сәндік бұйым екенін оны қыз балалар мойындарына тағатынын түсіндіру. Ермексаздан түрлі - түсті моншактарды дөңгелетіп алып, оларды сымға тізуді үйрету. Эстетикалық талғамдарын, ұсақ қол моторикасын дамыту. Ыждағаттылыққа тәрбиелеу.	Моншак суреті Ұлгі, ермексаз, сым, майлық
35	"Қанқызы" (сурет салу)	Жәндіктің өзіне тән ерекшелігін бере отырып, қанқызының суретін салуды үйрету. Нокаттарды заттың жоғары жағынан бірдей етіп салу қабілетін бекіту. Құлак шұқуға арналған мақталы таяқшаның көмегімен ұқыпты етіп бейне жасауға тәрбиелеу	Қанқызы суреті Ұлгі, құлақ шұқуға арналған мақталы таяқша, гуаш, майлық

		кайталаңбас сурет салуға құштар болуға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: "Жыл мезгілдерін ажырат"	
26	"Бақбак" (қол еңбегі)	Балаларды бақбак гүлімен таныстыру. Гүлдің өзіне тән ерекшеліктерін бере отырып, бақ-бақтың бейнесін сары түсті қағаз сүлгіден жасауды үйрету. Қолдың ұсақ бұлшықеттерін, зейін қою қабілетін дамыту. Қағаз сүлгімен жұмыс жасауға, өз күрдастарына көмек беруге ынталы болуға тәрбиелеу.	Бақбак гүлінің суреті, сары түсті қағаз Сары түсті қағаз сүлгі (салфетка), желім, ұлғі
27	"Гүлденген алма ағашы" (сурет салу)	Алма ағашы туралы түсінік беру. Дайын бейнені ұсақ ақ гүлдермен тоlyқтыра отырып гүлдеген алма ағашын көрсете білуге үйрету, құлақ шұкуға арналған макталы таяқшамен көмкерілген сурет салуды бекіту, гуашьпен жұмыс жасау машинын дамыту. Эстетикалық талғамға тәрбиелеу, шығармашылық ой-қиялды, қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту.	Ұлғі, суреттер, ақ қағаз, бояу, құлақ шұкуға арналған макталы таяқша, майлық
28	"Күн шуағы" (сурет салу)	Күншуағы туралы әңгіме жүргізу. Батыру әдісі бойынша күнді алақанмен, күн шуактарын алақанның қырымен салуға үйрету. Негізгі түстерді бекіту. Бейнелеу өнеріне оң көзқарасқа тәрбиелеу. Балалардың ынта - ықыласын арттыру, көтеріңкі көңіл - күй туындару.	Күннің суреті Ұлғі, ақ қағаз, сары түсті гуаш, майлық.
29	"Сәнді көйлек" (жапсыру)	Дайын пішіндерді жапсыруды үйрету. Зейінің қимыл дәлдігін дамыту. Эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Түсті және композицияны қабылдай білу қабілетін дамыту.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық.

		жұмыс жасау машиғын дамыту. Ұқыптылыққа, бейнелеу үшін түрлі материал қолдануға күмарлыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: "Төлдерін тап"	тап"
21	"Мәдинаға арналған қолғап" (сурет салу)	Қолғаптың суретін салуды, заттарды геометриялық пішіндерден өрнек жасап безендірді үрету. Киялдау қабілетін, өз бетінше жеке сурет салуға ынталылығын, бояулардың түстерін үйлестіре білу дағдысын дамыту.	Қолғап суреті. Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сұлгі немесе майлық.
22	"Кірпі" (мүсіндеу)	Балаларды кірпімен таныстыру. Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру. Шишкалар мен ермексаздан кірпі бейнесін жасап шығару. Шығармашылық ой киялды дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Кірпі суреті Шишкалар, ермексаз, майлық, тастайша.
23	"Үйшікте не тұрады?" (сурет салу)	Үйшік ертегісін әңгімелуе. Ертегі кейіпкерлерінің бейнелерін таныс геометриялық пішіндер арқылы сурет салуды үрету, суретті кейіпкерлердің көніл-күйлері мен қылыштарын бере алатын ұсақ бөлшектермен толықтыру. Шығармашылық ой-киялын дамыту.	Үйшік ертегісі кейіпкерлерінің суреттері. Сурет дәптері, гуаш бояу, қылқалам, майлық.
24	"Гүл шоғы" (бұктеу)	Гүл шоғын қағаздан бұктең күрастыруды үрету. Эр баланың гүлінен бірнеше гүл жинақтап, гүл шоғын жасау. Жақындары мен айналасындағы адамдарға қуаныш сыйлауға құштар болуға тәрбиелеу. Шығармашылық ой-киялын дамыту. Дидактикалық ойын: "Түстеріне қарай ажырат"	Түрлі әдемі гүлдер суреттері. Түрлі- түсті қағаз, үлгі Ойынға қажетті құралдар: қатты картон қағаздан жасалған гүлдер
25	"Көктемнің портреті"	Көктем мезгілі туралы түсіндіру. Көктемнің	Түрлі-түсті қағаз, желім сұлгі

15	"Жаңа жылдық шырша" (сурет салу)	Жаңа жыл мерекесі туралы әнгіме жүргізу. Шырша бұтағын салуды және оны жаңа жылдық ойыншықтармен безендіруді үйрету. Қылқаламның ұшымен сурет салу машиғын дамыту. Ұқыптылыққа, ыждағаттылыққа тәрбиелеу. Жаңа жыл туралы тақпактар жаттату.	Жаңа жыл ,шырша суреттері. Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сұлгі немесе майлыш.
16	"Аққала" (жапсыру)	Кыс мезгілі туралы түсінік беру.Аққала қыс мезгілінде кардан жасалатынын түсіндіру.Өз колымен бүйім жасауға кызығушылығын арттыру. Қылған алғашкы бөлшектерді әдемі орналастырып бекіту.	Аққала суреті, түрлі-түсті қағаз, желім,майлыш. Аққала
17	"Ақша бұлттар" (жапсыру)	Бұлттың калай пайда болатыны туралы балаларға әнгімелей.Тақпак жаттау. Ақ мактаны бұлттың пішінін келтіре отырып жапсыруды үйрету. Желіммен ұқыпты жұмыс жасауға машықтандыру	Ақша бұлттар суреті,ак мата,желім ,майлыш Тақпак жаттау.
18	"Терезедегі өрнектер" (сурет салу)	Әйнекке қылқаламмен бояу арқылы аяз өрнектерін салуды үйрету. Екі жағынан бірінің ізімен екінші балаға салғызу арқылы достыққа тәрбиелеу. Қиялын, бейнелеу үшін әр түрлі құралдарды таңдалап алып, тәжірибеде пайдалана білу икемін дамыту. Білуге құштарлыққа тәрбиелеу.	Кыс мезгілінің суреттері, Сурет салатын әйнек, қылқалам,гуаш ,майлыш
19	Көбелек (қол еңбегі)	Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашкы дағдыларын қалыптастыру. Кепкен жапырақтан көбелек жасау. Көбелек жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу. Көбелек туралы тақпак жаттау	Көбелек суреті,кепкен жапырақ Көбелек туралы тақпак жаттау.

10	"Қайық" (бүктеу)	Қайықтын суда болатынын, не үшін пайдаланатынын түсіндіру. Бүктеп жасай білуге үйрету. Қағазben жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, шығармашылықка баулу. Балалардың саусақ кимыл-козғалыстарын жетілдіру.	Қайық суреті, ақ қағаз.
11	"Алтын балық" (қол еңбегі)	Балық туралы мағұлмат беру. Балық түрлерімен таныстыру, оларды атап білуді, алтын балықтың ерекшеліктерін көре білуді үйрету. Қағазben жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, дайын болған жұмыстарын әшекейлеуге үйрету.	Балықтар суреті, қағаз. Балық туралы жұбактар шешу
12	"Көнілді санырауқұлактар" (сурет салу)	Санырауқұлактар туралы түсініктерін қалыптастыру. Қағаз бетіне бірдей ритмде толық нұктелерді салуды үйрету. Санырауқұлак қалпағын әдемі бояу қабілетін бекіту. Мақталы таяқша арқылы санырауқұлак бейнесін безендіру. Жұмыстарына шығармашылықпен қарауға баулу.	Санырауқұлак суреті. Гуаш бояу, мақталы таяқша майлыш
13	Досыма арналған альбом (жапсыру)	Достық туралы әңгіме оку. Қағазben жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Тік төртбұрышты қағазды тен екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу әдіс-тәсілдерін менгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу	Ақ қағаз, желім, майлыш Достық туралы нақыл сөздер айтқызу.
14	"Желкенді қайық" (мүсіндеу)	Балаларға көлік түрлерін естеріне түсіру. Желкенді қайық туралы әңгімелеу. Жанғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту. Балалардың	Көліктін түрлері, желкенді қайық суреті. Ермексаз, жанғақ қабығы таяқша жапырақ

5	"Күзгі жаңбыр" (сурет салу)	Балаларға күз мезгілі ,ерекшеліктері туралы түсіндіру. Қылқаламды пайдалана отырып, күзгі жаңбырдың суретін салуды үйрету. Бояуларды пайдалана білу қабілетін дамыту, колдың ұсак бұлшық еттерін жетілдіру. Сурет салуға ынталы болуға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын:"Жыл мезгілдерін ажырат"	Сурет дәптері, қылқалам, су күйилған стакан, майлыш. Күзгі жаңбыр суреті Ойынга кажетті құралдар: жыл мезгілі суреттері.
6	"Күзгі өнімді жинауға арналған себет" (бұктеу)	Балаларға күз мегілінде барлық өнімдер пісіп,егін жинау науқаны басталатынын түсіндіру. Өз колдарымен қағаздан себет жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бұктеу дағдыларын жетілдіру. Себет жасауға деген қызығушылықтарын арттыру.Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.	Күз мезгілі,егін жинау суреттері.Себет,түрлі-түсті қағаз.
7	"Тасбақа" (қол еңбегі)	Балаларға тасбақаны таныстыру: оның суда жүретінін түсіндіру. Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.Жұмыстарына шығармашылықпен карауға баулу.	Тасбақа суреті,жанғақ қабығы, ермексаз,майлыш.
8	"Көнілді пойыз" (сурет салу)	Бастырма әдісін қолданып бейне жасауды жалғастыру. Шырпы қорабы бастырмасы арқылы пойыз вагондарын бейнелету. Шығармашылық ой-қиялдарын дамыту. Бояу кепкенше тосуға дағдыландыру. Шырпы қорабын басу күшін игерту, эстетикалық талғамды тәрбиелеу.	Көлік түрлері ,пойыз суреттері,шырпы қорабы қылқалам, гуаш майлыш
9	"Бауырсақ" (сурет салу)	Бауырсақ ертегісін оқып беру.Бауырсақтың бейнесін картоп бастырмасы арқылы бейнелету. Ертеңіндей қарнадын көзді шайырланауда білдір.	Бауырсақ ертегісінің суреттері. Ақ қағаз, картоп, сары түсті гуаш,бояу, шиберек.